

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 қарашадағы N 1964 қаулысын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1994 жылғы 14 желтоқсан N 509

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті нығайту және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 қарашадағы N 1964 К941964_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында:

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті нығайту және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 қарашадағы N 1964 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары,

облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері осы Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдайтын болсын.

Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетін хабардар етіп отырсын.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1994 жылғы 14 желтоқсандағы
N 509 өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери тәртіпті нығайту және құқық бұзушылыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 23 қарашадағы N 1964 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар

ЖОСПАРЫ
(Үзінді)

P/c | Тапсырмалар мен іс-шаралардың | Орындауға

N | мазмұны | жауапты

1 | 2 | 3

3 Әскерді толықтай әрі уақтылы Қаржымині, Экономмині,
қаржыландыру және материалдық. "Қазконтракт" АҚ,
техникалық қамтамасыз ету Қорғаныс өнеркәсібі
жөніндегі комитет

11 Шығармашылық ұйымдар мен одақтардың Қорғанысмині, Шекара,
әскери-қамқоршылық комиссияларының Ішкі әскерлер, Республика
жұмысын қайтадан қолға алу. Республика ұланы, Азаматтық қорғаныс
Қарулы Күштерінің дәстүрлерін штабы, Үкімет байланысы
қалыптастыру, берік әскери ұжымдарын әскери командованиесі,
тәрбиелеу жөнінде нақты шаралар белгілеу Жастармині

14 Әскери комиссариаттармен бірлесіп, Турспортмині,
әскерге шақырылатындардың Қорғанысмині, Шекаралық,
әскери-спорттық жиындарын, олардың Ішкі әскер, Республика
соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ұланы, Азаматтық қорғаныс
ардагерлерімен, әскери қызметшілермен штабы, командованиесі,
кездесулерді ұдайы өткізу Біліммині, ДОСААФ ОК

15 Қарулы Күштердің өмірін және "Қазақстан теледидары
тұрмыс-тіршілігін кеңінен насихаттау. және радиосы
Әскери тақырыпқа арналған апта сайынғы корпорациясы
теледидар хабарын қайта жаңғырту. Әскери
тақырыпқа арналған таңдаулы теле және
радиохабарларына шығармашылық конкурс
ұйымдастыру

16 Әскери бөлімдерге және бөлімшелерге Жергілікті
қамқорлық көрсетуді ұйымдастыру, оларға әкімдер
тұрғын үй-тұрмыс мәселелерін шешуде,
әскери қалашықтарда жөндеу жүргізу,
тамақпен және отынмен қамтамасыз етуде
жан-жақты көмек көрсету

P/C	Орындалу мерзімі		Министрлер Кабинеті Іс
N			басқармасының бақылауға
			жауапты бөлімдері

1	4		5
---	---	--	---

3. тұрақты түрде Қаржы, еңбек және әлеуметтік қорғау бөлімі, Жиынтық экономика бөлімі, Мемлекеттік басқару органдары бөлімі, Қорғаныс және жұмылдыруға даярлық бөлімі
11. тұрақты түрде Қорғаныс және жұмылдыруға даярлық бөлімі, Мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыс бөлімі
14. тұрақты түрде Әлеуметтік сала бөлімі, Қорғаныс және жұмылдыруға даярлық бөлімі
15. тұрақты түрде Мәдениет және қоғамдық бірлестіктермен байланыс бөлімі, Әлеуметтік сала бөлімі
16. тұрақты түрде Аумақтық даму бөлімі

Ескерту: Келіп түскен материалдарды қорытындылау және осы Жоспардың орындалу барысын қадағалау Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Іс басқармасының Қорғаныс және жұмылдыруға даярлық бөліміне жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК